



Иманипедагогиканың ҚАЖЕТТІЛІГІ, АЛҒЫШАРТЫ

Иманипедагогика- көшпелі мәдениет пен түркі өркениетінен рухани бастау алатын қазақ халқының ұлттық болмысына, халықтық тәжірибесіне сай балалар мен ересектерді тәрбиелеу, дамыту заңдары мен заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Ол, ізгілікке баулу іліміне, тәрбиелеу қазақ іліміне, имандылыққа баулу іліміне, кемел кісі қалыптастыру іліміне, еңбекке және өмірге баулу қатарлы тәлім-тәрбие беру қазақтың ілім-біліміне сүйенеді, олардың ұстаным қағидаларын басшылыққа алып, заманауи тәрбиелеу, дамыту жолдарын айқындайды. Имандылық тәрбиенің бүкіл жүйесі гуманистік мазмұнға толы, рухани негізде жеке адамның жан- жақты дамып жетілуіне бағытталған.



Қазақ-өткенді қадірлеген, жананы байыптаған, болашақты болжап бағдарлаған дана халық. Ежелгі ескі заманнан бастап күні бүгінге дейін ғұмыр кешкен қазақ халқы отбасы, әулет, ауыл, ата-ру, тайпа, топ, одақ, ұлт қатарлы қауымдастықтың сан түрін құрай отырып, елдікке жетіп, аты әйгілі (шамамен 16 империя орнатып) мемлекет құрып, Ұлы

Дала кеңістігінде бес мыңнан астам уақыт тіршілік еткен көне, текті, байырғы қауым. Мемлекеттің шаңырағы бір де биіктеп, бір де шайқалып, скифтердің тұңғыш патшасы Тор-ғытайдан бастап, қазақтың соңғы ханы Кенесарыға дейінгі уақыт кеңістігінде тасқын судай сапырылған сақ, ғұн, түркі, оғыз-қыпшақ ұрпақтары ұзақ сонар тауарихын найзаның ұшы-мен ғана емес, ақыл-парасат күшімен де, ұрпақ тәрбиелеу ісімен де, ұлағатты үлгі өнегелі сөзімен де, «кісі» болдыру амал-айласымен де, ақыл-кеңес үлгісімен де айшықтап, бізге сар-қылмас ілім мұрасын мирас етті. Қазақтың тәрбиелеу ілімі қалыптасып, дамып, іске асу барысында талай ұлық ұстаздар туып шықты, әулет мектебінің сан түрі пайда болды. Бұл мектептердің бас ұстаздары ана мен дана, ата мен әже, әке мен шеше, аға мен көке, дос пен таныс, жеңге мен жезде сияқты ұлағатты ұстаздар есімі, іс-әрекеті ел есінде, халық жадында мәңгі сақталған. Ұлы Даланың ұлық ұстаздарының ақыл парасаты мен тәжірибесі негізінде: «Көшпелі тұрмысқа сәйкескен, киізтуырдықтыарға (қазақ, қырғыз, монгол) ортақ жас ұрпақты оқытып білім беретін, тәрбиелеп үлгі өнеге көрсететін, еңбек пен өнерге баули-тын, өмірге дайындайтын, өздеріне ғана тән ОҚУ БІЛІМ-ТӘРБИЕ жүйесі қалыптасқан.



Қазақтың түп тұқияны жұмыр Жерге келіп ғұмыр кешкеннен бері: «Тән-Тәңірден, Тәрбие-өзімізден»-деген қағиданы басшылық етіп, «Кісілік» мұратты шамшырақ болдырып, ұрпағын өмірге дайындап, тәлім-тәрбиелеп, кең тынысты, орасан аумақты, заңғар мақсатты, іс-шара, қимыл-әрекет, жұмыс-шаруа жүргізу, ұйымдастыру, өткізу нәтижесінде: «Бала

бақшадағы гүлің, оны тәрбиелеу үлкен ғылым» деген даналық қорытындыға келген. Иә, Қазақ танымында: тәрбиелеу әрі өнер, әрі ілім. Түбі бір, бар қазақ отау тігіп, орда көтеріп, тамырын тереңге жайып өсіп-өне отырып, бір шаңыраққа топтасып әулеттік тұғыр, тектік бастау-Қарашаңырақ мектебін дүниеге әкелді. Оның бас ұстаздары Дана Аналар мен Дана Аталар болды. Ол дамып жетілу барысында Дана мектебіне ұласып оның барлық түрі мен тармағы, саласы мен бұтағы, бөлшегі мен бөлігі, тарауы мен бөлімі ұйыса келіп-Әулет мектебіне айналды. Қазақ қауымында осы негізде пайда болған, әлмисақтан бері, әлеу-меттік және әулеттік деп аталатын екі топтағы мектеп болған-ды. Әулеттік мектеп-жеке отбасынан бастап, әулет, ауыл, тайпаға дейінгі адамдарға ортақ, жарық дүниеге жаңа келген сәбиден бастап, қарттарға дейін қатысатын, қазаққа тән (түрік тектес халықтардың барлығында ұқсас қалыптағы тәрбие мектебі болғанымен арасында аздап айырмашылық бар), сан ғасыр бойында қызмет жасаған, күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан, келешекте де болатын, ұлт өкілін қалыптастыратын шынбайлы нұсқа, ерекше тәлім-тәрбиелік орта. Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, кең байтақ өлкемізде буыннан –буынға жалғасып, ұяттылық, әдептілік, көргендік, мейрімділік салтанат құрып, үйлесім тауып жатқан. Міне, сол қымбат, асыл қасиеттердің бәрі отбасы, ошақ қасында бүршік атып, бұтақ жайған. ҚАРАПАЙЫМ ҚАЗАҚ ОТБАСЫ түрлі тәрбие құралдарын толық пайдалана алмаса да, өңірлік, рулық, ауылдық шеңберде өз бала-ларын әулет мектебінде тәрбиелеп келді.



Шаруа отбасында тәрбие, үлгі өнеге көрсету іс-әрекеті, әулет пен тайпаның, рудың шынайы өмір әрекеттерінен айырмашылығы аз еді. Тәрбие тағылымдарының аясы атам заманнан қалыптасқан шаруа отбасының қатынастар жүйесіне, еңбек қимылдарының ауқымында, ғұрып-салтының шеңберінде жүзе асырылатын. Ұлттық тәрбие құралдары өз

жүйесін құрай отырып, тұрмыс салтында тұрақты әрекет етуші дәйекке айналған. Осы аумақта, тәлім тәрбиелік ұланғайыр тәжірибе қорытылып, Ұлы даланың ұлық ұстаздарының зерделеуі нәтижесінде-қазақтың отбасылық педагогикасы қалыптасуына негіз болған, үлкен білім қоры жинақталған. Оны осы заманғы зерттеушілер Әулет педагогикасы деп атап жүр. Қазақтың тәлім-тәрбиелік ілім-бідім тек әулеттік педагогикамен шектелмейді. Ұлы Даланың Ұлық ұстаз-дарының, өз таным шанағында зерделенген талай ілімдер бар. Мысалы: Қазақтың батырлыққа, ерлікке баулу ілімі (көне дәуір), Әл-Фарабидің парасатты адам ілімі (X ғасыр), Жүсіп Баласағұнидің жауанмәртелік ілімі (XI ғасыр), Ясауидің хал ілімі (XII-XIII ғасыр), Абайдың толық адам ілімі (XIX ғасыр соңы), Шәкәрімнің ар ғылымы (XX ғасыр басында)



М. Жұмабаевтың тәрбиелеу ұлттық ілімі,

М. Ж. Көпейұлының түгел адам ілімі, Ақыт қажының иманжүзді адам ілімі, имандылыққа баулу қазақ ілімі, т.б. Бұларға қазақтың әлеуметтік мектептерінің тәжірибесін қосыңыз. Мысалы,

А. Байтұрсыновтың айтқан: «Қазақтың ескі

жырларынан, ескі сөздерінен батыр болғандарды қалай баулып батыр қып өсіргендерін көреміз, батырлар басқалардың балаларын қалай баулып өсіргенін көреміз. Мәселен, Шыңғыс ханды жасында баулыған Шолақ қол батыр тас атудан бастап, садақ пен құс атуға дейін баулыған. Адам арқасына мініп қару қылудан бастап, ат арқасында қару қылуға дейін баулыған. О заманда би болғандар би мектебінде баулынған, яғни биге атшы болып, бірге жүріп, бірге тұрып, бітірген істердің ішінде бірге болып, баулынып, би болған. Үйрету бастапқы кезде қайда да болса, "БАУЛУ" түрде болған.»)-би мектебінің педагогикасы бір төбе.. М. Жолдасбековтың айтқан: «Ғасырдан ғасырға жалғасып, атадан ұрпаққа мирас болып келе жатқан қазақ сөз өнерінің екі үлкен айшықты мектебі бар тәрізді. Бірі-өмір, заман жайын терең толғанатын шешендік, фәлсафалық, данышпандық мектеп. Мұның аты сақталып бізге жеткен түпкі атасы Асанқайғы, одан бұл өнер ғасырлар аттап Абайдың қолына тиді. Екіншісі-өле-өлгенше көмейі күмбірлеп жағы талмайтын дария-даңғыл жыраулар мектебі»-мен, шешен-дер, сал-серілер мектебінің педагогикасы-өте аумақты мұра. Күллі түркі жұртына жазу-сызу үйретіп, ұстаздық еткен бақсылар мектебін айналып өтумен жүргеніміз болмаса, ол мектептерде үлкен тәлім-тәрбиелік өнеге мен білім бар.. (Ш. Уәлиханов, Ә. Марғұлан).



Бақсыларды қойдай қырған Әмір Темір

хан олардың ізін де қалдырмай таптаған. Мар, хипат, бәдізші, бағш аталып келген, жұртқа жазу сызу үйреткен, мектеп ашқан бақсылардың жойылуы, қазақты «сауатсыз, жабайы, надан халық» атандырған. Ал, мешіт-медіресе, діни мектептердің педагогикасын «жатырқап»

қалты-рып жүргеніміз болмаса оның да педагогикасы бар, тәлім-тәрбиелік үрдісі жеткілікті. Педагогика әрбір адамның бүкіл өмір бойы дамуының кепілі және құралы болған педагогикалық процестің мәні мен мазмұнын, заңдары мен заңдылықтарын және оның бүгінгі бағыт-бағдары мен болашақ өркендеу жолын зерттеуші ғылым жүйесі. Осы негізде педагогика тәлім-тәрбие процесінің ұйымдасу теориясы мен технологиясын, педагог іс-әрекетін (педагогикалық қызметті) және оқушылардың әрқилы оқу жұмыстарын жетілдірудің формалары мен әдістерін әрі олар арасындағы оқу істері төңірегінде туындап отыратын қарым-қатынас, ықпалдастық стратегиялары мен тәсілдерін нақтылап, ашып отырады. Педагогикалық зерттеу нысаны – тәрбиелік қарым-қатынас негізінде дамушы адам. Педагогика пәні адамдар дамуын қамтамасыз ететін тәрбиелік қарым-қатынастар. Педагогика – тәрбие, білім беру, оқыту, өзін-өзі тәрбиелеу, өз білімін көтеріп, адам дамуына бағытталған, тәрбиелік қарым-қатынастар туралы ғылым. Адам биологиялық тіршілік иесі ретінде дүниеге келеді. Оның тұлға болып жетілуі үшін тәрбиелеу қажет. Дәл осы тәрбие адамды ізгілендіріп, оған қажет қасиет сапаларды қалыптастырады. Қазіргі қоғамда тәрбие жұмыстарын жүргізу үшін арнайы мекемелер түзілген. Бұл үдерісті кәсіби білімді адамдар басқарады.

Тәрбие жөнінде

арнайы ғылым қалыптасқан. Ол тәрбиелеу теориясы аталады. Барша дәуірлерде педагогтар балалардың табиғаттан берілген мүмкіндіктерін іске асырып, жаңа сапаларды қалыптастырудың тиімді жолдарын тауып, оларға көмектесумен келеді. Мың жылдар бойы қажетті білімдер

тырнақтап жиналып педагогикалық жүйе

дүниеге келді, тексерілді, қажет болмаған тұстары қолданыстан шығарылды, ақырында өміршен, ең пайдалы педагогикалық идеялар сақталып, бүгінгі күнімізге жетті. Ұзаққа созылған даму жолын бастан кешірген бүгінгі заман педагогикасы адам тәрбиесі заңдылықтары жөніндегі ғылымға айналды. Өзінің қоғамдық қызметтерді орындауға қажет қабілеттерінің дамуына себепші болған әлеуметтену процесінде адам тұлғалық кемелдену сатысына (қазақ мұны: текті жанның-кісі болуы дейді) көтеріледі. Адамның әлеуметтенуі оның қоғамдағы ауыспалы жағдайлар мен шарттарға икемделе білуі ғана емес, ол өзіндік жеке тұлғаның дамуы, өзіндік танымы мен өз мүмкіндіктерін аша алу іске



қолдауымен

және жеке адамның ынта-ықыласына негізделсе, кейде кездейсоқ жүзеге асатын да жағдай болады.

Ал осы әлеуметтенуге орай жүргізілетін, нақты мақсатқа

бағытталып ұйымдастырылған басқару процесі өңдеп жетілдіру (образование) деп аталады. (Бізде оны-білім деп

тәржімалаған. Бір кезде Л.Н.Толстой: «education – образование»-

деп жілігін шағып отырып бұл ұғымның мәнін анықтаған-ды. Бізде: знание-білім, образование-білім, грамотный-білімді, бастауыш білім, орта білім,

жоғары білім т.т. Мұндағы мысалға, орта білім деген ұғымды жеке алып қарастырсаңыз ұғыну қиын-ақ.) Білім (образование) мәні – әр адамның өте

күрделі өзіндік басқару жүйесінің тиімділігін көтеру және оны жоғары моральдық, азаматтық мұраттар рухында кемелдендіру. Сонымен, әлемде кең

таралған педагогикалық ойдың дамыған екі бағыты танылған – үлкендердің бедел-абыройына және балалардың бағыныш-тылығына негізделген әкімшіл

(авторитарлы) ағым, шәкірт құқығы мен еркіндігін құрметтеуші – гуманистік ағым. Олардың арасында – сан қилы педагогикалық бағыттар

өрбіген. Әлемнің ізгілікті педагогикасы өзінің гуманистік таңдауын қабылдағаны рас. Бұдан бұрынғы мыңдаған жылдардағыдай-ақ баланың

өмірлік мектебі оның алғашқы демімен бірге басталады (Қазақ адам тәрбиесін ұрық тазалығынан бастап, ұрықтың жатырда өсіп өну даму,

жетілуін жіті бақылап, шаранадан шайқап тәрбиелеп, қызылшақа /шақалақ, жандыбақа/ інгәлап өмір есігін ашқанда, баулуды бастап кетеді (қазақта

бүгінгі тәрбиелеу деген ұғымды-баулу дейді.) Одан, нәрестені адамаралық қатынастар дүниесіне енгізуді олар өзінің ең басты парызы деп біледі.

Қазіргі заман педагогикасы үлкен қарқынмен дамудағы ғылым. Сол дамуға байланысты өзгерістердің ізімен асығу қажеттігі пайда болып отыр.

Педагогиканың іркіліс, кешеуілдеуі адамдардың даму дағдарысына алып келеді, яғни ғылыми-техникалық прогрестің баяулауына соқтырады.

Сондықтан да педагогика қалаған дерек көздерінен педагогикалық жаңа білімдерді теріп, жинақтап, зерделеп бір арнаға тоғыстыруы қажет.

Педагогиканың дамуына себепші көздер-адамдардың өмір салтында, дәстүрлерінде, халықтық тәлім-тәрбиеде бекіген көп ғасырлық тәрбие

тәжірибесі, іс-қызметтері; философиялық, қоғамтану, педагогикалық және психологиялық еңбектер; әлемде және елімізде жүріп жатқан тәрбие

тәжірибесі; арнайы ұйымдастырылған педагогикалық зерттеулер деректері; жаңа идеялар, жаңарған бағдар-бағыттар, жылдам өзгерістерге ұшыраған

бүгінгі дүниедегі тәрбиенің тиімді соңғы технологиялары. Педагогика баланы оқыту, тәрбиелеу тәжірибелерін қорытып, тәрбие және даму үшін

қажетті жағдайларды анықтайды. Әдістері қарастыр-ылады. Бұл - кешегі күнгі түсінігіміз еді. Бірақ соңғы кезең-дерде өмір (заман, қоғам) талабына сай

тұлға ретінде қалыптасып жетілу үшін тек балалар ғана емес сонымен қатар ересектер де білікті педагогикалық басшылықты қажет ететіндігі

мойындалуда. Сондықтан, қазіргі кезеңдегі педагогика – тек балалар тәрбиесі туралы ғылым ғана емес, ол сонымен қатар жалпы адамзат

баласының тәрбиесі туралы ғылым. Мұнда «тәрбие» ұғымы адамзат баласына білім беруді де, адамзат баласына оқытуды да, дамытуды да

қамтып, мейлінше кең мағынада қолданылып отыр. Демек, педагогика адамзат баласының кең мағынадағы тәрбиесі туралы ғылым. Жалпы өткен

ғасырда педагогикалық-психологиялық ой-сананың дамуында әлемде, іргелі зерттеулер мен зерделеудің нәтижесінде таңғаларлық тамаша тұжырымдар

мен теориялық педагогикалық пайым даулар өмірге келгені белгілі. Ал, осы ғасыр психологияны төрге шығарып барады. Екінші жағынан, осы уақытқа дейін тәрбиелік қызмет дәл кәзіргідей мұншама қиын, күрделі және

жауапкершілігі жоғары болып көрген емес. Дүние басқаша кейіпте болған.



Онда бүгінгі жас ұрпаққа төніп тұрған қатерлердің кейбір түрлері тіпті болмаған. Отбасында, мектепке дейінгі балалар мекемесінде, мектепте азаматқа қандай негіз қаланса, оның болашақ өмір мен бақыты бүкіл қоғамның берекесі соған тәуелді болп тұр. Сіз, Жаңа Қазақстанның жаңа ғасырлық даму алғашқы ширегінде қоғамға қосылған жастардың бір бөлігінің дүниетаным көзқарасына, сенім-нанымына шамалы

ғана көз жүгіртіп көріңіз... Бүгінгі мектеп партасында отырған жас ұрпақ-осы ғасырдың басындағы әріптестерінен дүниетаным, ой өрісі, өресі де тіптен бөлек. Олар материалистік дүниетанымға сүйеніп жасалған, ашылған ғылыми жаңалықтарды оқып-үйреніп жатыр. Сондай-ақ, интернет арқылы, кейбірі шет елге шығып (саяхатта болу, халықаралық жарыс сайыс, олимпиада, конференцияларға т.б. қатысып) ғылымның сан түрлі мәліметтері мен ақпараттарына қанығуда. Осы шақта, екі-үш шет тілін үйреніп, білімге қол жеткізіп жүрген жеткіншектер де бар. Бұл тұжырымды тек мектеп оқушыларына ғана тән заманауи болмыс бітім ғана емес барша жұртқа бағыттап айтсақ та артық айтқандық болмайды. Адамдар күнделікті тұрмыста, өмірде, діни, ресми және халықаралық мейрам-мереке, айтулы дата-ларға қатысып, салт-санасында көпқырлы наным-сенім орнығуда. Міне рухани жаңаруға іліккен қазақ халқының бүгінгі азаматын бір ғана педагогикалық теориялық ұстаным, қағидамен тәрбиелеймін деп құлшыну нағыз бейшоралық болар еді. Заманның өзі, өмірдің өзі тәрбиелеудің ғылыми негіздерін бір арнаға тоғыстыруды талап етеді. Тәрбиеші жас ұрпаққа берілетін білім, іскерлік, дағдыны, тәрбиелейтін сезімді біліп, жоспарлы, мақсатты тәрбие жұмысын жүргізеді. Тәрбие - қоғамның негізгі қызметтерінің бірі, кісіні мақсатты,



жүйелі қалыптастыру процесі, аға ұрпақтың тәжірибесін кейінгі буынға меңгертіп, олардың сана – сезімін, жағымды мінез - құлқын дамытушы. Ересек буын қоғамды тарихи өмірде жинақталған тәжірибені,

білімді жас буынға тәрбие процесі арқылы береді. Тәрбие материалдық игіліктерді өндіруге қабілетті, іскер адамдарды дайындауға бағытталуы қажет. Басты өндіруші күш - жеке тұлға. Адам жүйелі түрде күрделі қатынас-тарға араласып, қоғамдағы қалыптасқан идеяны, саяси және моральдық көзқарастарды, сенімдерді қоғамдағы адамдардың өмір сүру тәртібін меңгереді. Тәрбие - қоғамның тарихи әлеуметтік-экономикалық жағдайларынан туатын объективтік процесс. Тәрбие процесінде бала өзінің дамуына қажетті жағдайларды пайдалануға тиіс. Табиғи және әлеуметтік орта оның көзқарасын дамытады. Тәрбиенің мақсаты мен жүйесі мемлекеттің саясаты мен экономикасына тәуелді. Тәрбие мен қоғам бір мезгілде пайда болды. Тәрбие қоғамдық құбылыс, онсыз қоғам өмірі ілгері дамымайды. Осы негізде, Қазақстан Республикасының педагогикалық ғылым әлемінде Имани педагогика атты тәрбие теориясы көрініс беріп, тәй-тәй басып келеді (Әзірге оны қолдап, қорғаушы да, қарсы шығып қақпайлаушы да байқалмайды. Мүмкін өліаралық үнсіздік шығар). Имани педагогика-заманауи тәрбие теориясы. Ол осы дәуірдегі іргелі педагогикалық ілімдердің бір арнаға тоғысуы. Анығырақ айтқанда: Материалистік педагогика, Гумани-педагогика, Этнопедагогика, Ислами педагогика ғылымдарының заңды байланыстарына сүйеніп, олардың өзара ықпалдасуынан туған синтездік ғылым. Имани педагогика әлеуметтік және қоғамдық жағдайлардың ықпалымен орныққан ұлттың өзіне тән тәрбие саласында қалыптасып, жүзеге асқан өзіндік ерекшеліктерінде: діни ілімдерде; халық шығармашылығында (поэтикалық, муз-ықалық, сәндік-қолданбалы); отбасы өмірінде; тұрмыста; салт-дәстүрлерде орын алған халықтың жалпақ жұртты



тәрбиелеу мен үйрету (оқыту) туралы білімін, халықтың бүкіл даналығын, сондай-ақ кісінің әлеуметтік және тарихи-мәдени тұрғыда қалыптасуына ықпал ететін философиялық, этикалық, педагогикалық ой-пікірлері мен көзқарастарын зерттеу барысында қалыптасқан педагогикалық қағидаларын, ережелерін,

заңдылықтары мен принциптерін, құралдарын, әдіс-тәсілдері мен амал-жолдарын жинақтап, жүйеге келтіреді, зерделейді. Жалпы жоғарыда аталған педагогикалық ғылымдардың мұрат мақсатында, қағида заңдылық-тарихында, зерттеу әдіс-тәсілінде, ілімдік әдіснамасында айтулы өзгешелектің бар екені айқын. Алайда, құрамдас бөліктері мен аталған құрылымында, заңдылықтарында ортақтас-тық, сабақтас-тық, ықпалдастық мол екені даусыз. Бұл педагогикалық ғылым-дарда бір-бірімен бітіспейтін даулы, жаулы көзқарас-тар мен қағи-далар, құндылықтар жоқ. Сондықтан олардың тізесін түйістіріп, бір арнаға тоғыстыруға толық мүмкіндік бар. Имани-педагогика-исламипедагогиканың көшірмесі де емес. Алайда, ислами педаго-гиканың бірер қағидалары мен ұстанымдарын, тәрбиелеу амалдары мен жолдарын пайдаланады.

Иманипедагогика-гуманипедагогиканың да көшірмесі емес. Алайда табиғатты аялап, адамға жанашырлық-пен, сүйіспеншілікпен қарай-тын оның ізгілік жолын ұстанады. Оны Абай атамыздың үш сүю қағидатына қабыстыра отырып, жаңа белеске көтеріп керек-тенеді. Иманипедагогика-материалистік педагогиканың заманға лайықталған, жаңаланған нұсқасы да емес. Алайда, жалпы адам-заттық құндылыққа айналған, европалық педагогиканың негізін құраған, педагогика классиктерінің ашқан тәлім-тәрбиелік заңды-лықтар мен теориялық пайымдар иманипедагогиканың тұғырлы сүйеніші, әрі бағыт-бағдар берер Темірқазығы бола алады.

Айталық, тұлға қалыптастыру теориясын жасаған бүгінгі көптеген теориялар, жас өспірімдер мен жеткіншектердің даму заңдылығын ашқан шет ел ғұламаларының ілімдері ешуақытта маңызын жоймайды. Сондықтан


иманипедагогика оларды ғылыми түйін ретінде қабылдайды. Шындығында, диалектикалық ойлау, материал-истік көзқарас қазаққа тән емес деп ешкім де айта алмас. Имани-педагогикаға материалистік педагогиканың ғылыми қоры-тынды-лары бұрын да жат болмаған, кәзір де жат емес. Алайда, матер-иалистік педагогикаға басқа көзқарас негізінде жасалған қорытын-дылардың жат болғаны жасырын емес. Иманипедагогикада таптық, топтық пиғыл тәрбиелеу ісінде шешуші міндет атқармайды. Мысалы, өмірге осы заманғы бәсекеге қабылетті бизсмен дайын-даса да, кибернетиканың жілігін шағып, ішегін сүзетін инженер дайындаса да, да Абай атамыздың толық адам болдыру қағидасын бас шылық етеді, европалық жан-жақты жетілген адам дайындау тео-риясына сүйенеді. Жеке тұлғаның шығу тегі, әлеуметтік дәрежесі, хал-ахуалы, денсаулығы қаншама басқалардан ерекше болса да түптің-түбінде «кәдімгі адам» болып шығуы тиіс.





Иманипедагогика-этнопедагогиканың жаңарған атауы да емес. Алайда оның ұлттық тәрбиеге жасаған түйіндері мен қазақ тәлім-тәрбиесінің тәжірибесі негізінде тұрақтанған тоқтамдарын, ғылыми қорытындыларын екшей отырып бүгінгі адамдардың дүниетаным көзқарасы мен жан

әлеміндегі нақты өзгешеліктерді ескеріп, теориялық тұғыр етеді. Шындығында, өткен дәуірдегі қазақ педагогикасы-иманипедагогика болғандығы баршаға аян. Имандылық тәрбиесі бүгінгі таңда қоғам қажеттілігінен туындап, өзекті мәселелердің құрамына енді. Имандылық ұғымы ерте кезден бастап қолданыста болған оны көне жазба мұраларға көз жіберту арқылы дәлелдеуге болады. Анығырақ айтар болсақ, түрік дәуірінен бастау алады. Бұл ұғым көпшілік түсінігінде діни ұғыммен суреттеледі. Бірақ имандылық ұғымы таза діни ұғымды білдірмейді. Тұрмыстық өмірде иманжүзді, иманды т.б. ұғымдар пайдаланылған және әлі де пайдалануда. Мәселен осы екі сөзді жеке-жеке талдап көрсек иманжүзді деп, бойында адамгершілік қасиеттер, кеңпейілділік, жанашырлық, инабаттылық, ізеттілік т.б. да қасиеттері бар адамдарды жатқызсақ, иманды адам деп те осы қасиеттерді бойына сіңірген және оны сеніммен ұштастыра білетін адамдар тобы жатқызылады. Бұл қасиеттердің бірі де таза діни ұғымға жатпаса керек. Яғни бұдан имандылық адам бойындағы ізгі қасиеттердің жиынтығы деген ой түйіндеуге болады. Біз әрқашанда болашақ ұрпақты өзінің тарихын, халқын, жерін бір сөзбен айтқанда рухани құндылықтарын сүюге, қорғауға, сақтауға, бағалауға үйретуіміз қажет екені дәлелдеуді керек етпейтін қағида. Заманның өзі, өмірдің өзі тәрбиелеудің ғылыми негіздерін бір арнаға тоғыстыруды талап



етеді. Иман сөзі ортағасырлық түркі халықтарының әдебиетінде, ғылымында қолданыста болған. Мәселен мұсылмандық шығыс поэзиясында екі түрлі сарынның яғни жүректің культі (имани гүл) мен ақылдың культін мадақтау өріс алып келгені мәлім. Осы себепті болса

керек, әдебиеттерде бұл сарындарды білдіретін Әбу Али ибн-Синада “имани ақыл”, Абайда “имани гүл” сияқты арнайы атаулар қолданылған. Ал, қазақта: имани гүл, имани ақыл, имани адам, иманды адам, иманы кәміл жан, иманжүзді кісі, иманы жолдас болғай, имани әдеп, имани құлық т.б. сөз тіркестері күні бүгінге дейін қолданылып келеді. Иманипедагогикада иман ұғымы қазақ дүниетанымы негізінде қалыптасқан, психологиялық-педагогикалық өрелі түсінік ретінде қарастырылады. Араб тілінде «иман» сөзі жүрекпен қабылдау, сену, бір нәрсеге немесе бір хабарға іштей, шын көңілмен сеніп, оны мойындау деген мағынаны білдіреді. Иман сөздіктерде сену, қабылдау деген мағынаны білдірсе, «діни терминде Ұлы Алланың дінін жүрекпен қабылдап Мұхаммед пайғамбардың әкелген нәрселерінің бәріне сеніп, оларды жүрекпен қабылдау» деген мағынаны береді

Араб тілінде «иман» сөзі жүрекпен қабылдау, бір нәрсеге немесе бір хабарға іштей, шын көңілмен сеніп, оны мойындау деген мағынаны білдіреді. Иман сөздіктерде сену, қабылдау деген мағынаны білдір термин Ұлы Ал жүрекпен қабылдап Мұхаммед пайғамбардың әкелген нәрселерінің бәріне сеніп, оларды жүрекпен қабылдау» деген мағынаны береді.



Ол нәрселер: Алла тарапынан келген, ислам дінінің негізін құрайтын анық және ашық түрдегі Құран немесе хадистерде білдірілген догмалар, принциптер. Бұларға сену және оларды қабылдауды «иман», ал оларға сенген адамды «мүмин» дейді. Иман ұғымы әуел баста Құран арқылы қазақтардың санасына сіңсе де, уақыт өте келе халықтың ежелден қалыптасқан салт-дәстүрімен, таным түсінігімен, наным-сенімімен біте қайнасып, жаңа бір сапалық деңгейге көтерілген ұғым. Халық түсінігіндегі иман сөзі діни шеңберден шығып, жалпы ұлттық, бүкіл адамзаттық құндылықтарды қамтитын ауқымды дүниетанымдық категорияны білдіреді. Иmandылық концепті-тілімізде көптеген ұғымдарды біріктіретін, жинақ-тайтын жалпы түсінік. Ар, ождан, ұят, шын, шындық, намыс, жүрек, жан, тазалық, әділет, мейрім имандылық концептісінің тірек ұғымдары. Иmandылық(атауы әр түрлі болғанымен)- барлық наным-сенімдерге ортақ ұғым. Түрлі кездерде пайда болған ежелгі Рим, Грек, Иран, Конфуций ілімі, Христиан діні, даосизм, синтоизм, ілімдерінің барлығында адамдарды бауырмалдыққа, мейрімділікке, қайырымдылыққа, адалдыққа шақыратын ортақ құндылықтар бар. Кез келген дәстүрлі діннің көздейтіні – күллі адамзат арасындағы сыйластық пен сүйіспеншілікті, бірлік пен ынтымақты уағыздау. Діни сенімдердің өнегелі рухани бастауларға негізделетіндігі және зор гуманистік әлеуетке ие екендігі де дәлелдеуді қажет етпейді. Осынау мол әлеуетті қоғамның дамуына, патриотизмді қалыптастыруға, ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайтуға, діни экстремизмнің алдын алуға пайдалану жолын көрсетіп, заңдылықтарын ашу бүгінгі заманауи Әлем педагогика ғылымының абзал борышы. Осы міндетті атқарушы, жүзеге асырушы, тиянақтаушы Қазақстан Республсының тәрбиелеу теориясы болушы Иманипедагогиканың игілікті ісі, оның маңдайына жазылған тарихи парыз.



Себебі қазақтың тәрбиелеу дәстүрлі ілімінде жоғарыда көрсетілген педагогикалық ғылымдардың алғашқы мағлұматы толық сақталған, әрі сенімді түрде қолданыста болып, бізге жетті. Ол Қазақ елінде ғана толыққанды жүзеге асады. К.Д. Ушинский өнегелі тәрбиеге үлкен мән берген, оның негізін дін деп санаған. Дінді ол, ең алдымен, өнегелі тазалықтың кепілі деп түсінген. К.Д. Ушинскийдің «Тәрбие халықтық ілтипатқа ие болған жағдайда ғана өз мақсатына жетеді» дейді. Иман ұғымы бізде ұлттық сипатқа ие болған. Иmandылық – адамның қоғамдағы, күнделікті өмірдегі іс-әрекеттерін белгілі-бір қалыпқа түсіретін ішкі рухани реттеуші қадір-қасиет, адам бойындағы адамгершілік, ізгілік, кісілік белгісі. Иmandылық-ұлттық шеңберде шырмалып қалған тар ұғым да емес, Қазақстан Республикасында тіршілік етіп отырған күллі этнос өкілдері, оның ұрпақтары имандылық нұрынан тысқары қалуға тиіс емес. Ешбір ұлт бұған қарсы болған да емес. Иmandылық- қазақ үшін, жалаң ислами ұғым да емес. Ол наным-сенім ретінде, қашаннан бар, ұласып келе жатқан түсінік. Атам қазақтың адамгершілік ұғымын имандылық сөзімен беруінде ерекше мән бар. Өйткені, адамгершілік пен имандылық арас үлкен айырмашылық бар. Адамгершілік-барлық адамның бойында бола алатын адамның адамдық болмысынан (кісілігінен) туған қасиет. Иман әлемнің Жаратушысы, Ұлы Досына деген иман атты сүйіспеншілігінен туған кісілік қасиет. Яғни, әрбір имандылықта адамгершілік бар болса да әрбір адамгершілікте имандылық болмауы бек мүмкін.



Сондықтан қазақта имандылық - ауқымы аса кең үлкен пәлсапалық ой-толғамға ие, ерекше мәнді ұғым. Атам қазақ иманын - өз болмысының тірегі мен ар-ожданның асытас ақиқаты деп ұққан. Сол себепті олар

жүректен иман шыққаннан кеудеден жан шығуды артық санаған. Оған қазақтың мына сөзі куә: «Малым жанымның садақасы, жаным арымның садақасы». Бұл жерде атам қазақтың «арым», деп, отырғаны - иман. «Ұят кімде болса, иман сонда», деуі де, содан қалған. Ар-ұятын сатқан жанға «иманын сатты», арсыз жанға «имансыз», деген сөзбен түйреген. Қазақта мұндай сөз тіркестері толып жатыр. Бұл-қазақтың аса иманды момын-мұсылман жан екендігінің белгісі. Яғни, қазақ бар жақсылық ұғымды иман сөзімен, бар жамандық ұғымды имансыз сөзімен айқындаған. Қазақ әрқашан Ұлы Досына беріктігін көрсеткен. Иә, қазақ шыр етіп дүние келген баланың құлағына азан айтып, ажалы жетіп бұл жалғаннан озған жанның да жүзін құбылаға қаратып, жаназасын оқып Ұлы Жаратушының жарлығын бұлжытпай орындауға тырысқан. Біздің ата



бабаларымыз дінді тереңінен зерттеп мол тағылымын өзінің салт санасына, дәстүріне сіңіре біліп өзінің ұрпақтарына ана сүтімен, тәлімі мол істерімен дарыта білген. Абай атамыз «Алланың адам баласына дінді

түсірудегі мақсаты – құлдарының жолдан адаспауы үшін, бір бірімен ізгілікте, татулықта өмір сүрулері үшін болды» дейді. Осыған дәлел Ұлы ақын Шәкәрім қажы былай дейді Әлемдегі діндердің түп мақсұты, Үш нәрседе бұлжымай құшақтасар: Құдай бар, ұждан дұрыс, қиямет шын, Еш діннің мақсұты жоқ мұнан Дін адамды бір бауыр қылмақ Оны бөліп, дұшпандық қару жасар. Інжіл, Құран бәрі айтып тұрса дағы Мағынасына адасып қара басар. Сөйтіп бұзып, бүлдіріп есіл дінді, Дін десе білімділер тұра қашар. Ешбір дін өйтіп дұспан бол дем Қанеки бұл сөзіме кім таласар?- деп тұжырым жасайды. Ал, имандылық-тәрбиелеу қазақ ілімінің асыл өзегі. Осы асыл өзек бүгіндері қоғамдағы тәрбиелік іс-әрекеттер мен шара- шаруалардың тірегі бола алмай отыр. Мұның екінші жағы бүгінгі қазақ педагогикасы жарқырап көрініп, тәрбиелеу теориясын заманға лайықтап әлемдік педгогика аумағына жақындай алмауында болып отыр.



Жалпы,Қазақстан Республикасында Ұлттық білім философиясына (Philosophy of education), Оқу білім ғылымына (Introduction to Education studies), Мектептану (Skololazanie) назар аударылмай, іргелі педагогикалық ғылымдар дамымай қалған. Олай болса, Иманпеддагогика заманауи тәрбие теориясы болуы тиіс.

Оның алғы шарттары толық бар. Айталық, Иманпеддагогиканың ғылыми негізін Фараби, Баласағұни, Яссауи бабаларымыз салып, Абай, Шәкерім және Мағжан, Жүсіпбек даналарымыз тиянақтап қойған. Мәселенің ең шешімді жері, теориялық көзқарас дүниетанымы бір-бірінен тым алшақ діни педагогика мен материалистік педагогиканың өзара қабысуы, оңай бола қоймас деген күдік әркім де болуы хақ. Себебі бәріміз де, материалистік көзқараспен әлемді дін-тану ғылымының әдістемесі (методологиясы) арқылы пай-ымдап ешнәрсеге қол жеткізе алмаспыз деп ойлап келдік. Оның сыртында, діни педагогиканы советтік педагогика жатырқап келгені бар. Материалистік тәрбиелеудегі алтын арқау – Адам. Социализм дәуірінде – коммунист. Коммунистік партияға шынайы берілген, коммунизмге шексіз сенетін нағыз коммунист. Ислампеддагогикадағы тәрбиенің арқауы – тағы Адам (тақуа адам) Материалистік (жалпы педагогиканың) педагогиканың тәрбиелеу ілімінің асыл өзегі – таптық идиология мен жауынгер атеизм. Социализм кезінде ол, әміршілдікке еріп, сіңісіп кетті. Сондықтан бұл екеуі саналы басқа бірігіп сиыспайды дестік. Алайда, А. Эйнштейннің шақшадай басына



осы екеуінің қосарласып, еппен сиысып тұрғанын көрмедік. Реализмнің кең сарайы бол Л. Н. Толстойдің діни педагогиканы мектебінде қалай керектенгенің білмедік. Ы. Алтынсариннің діни педагогиканы, еуропалық педагогикамен қалай ұштастырмақ болғанын түсінгенің де алмадық. Онда бүгін біз не істеп, қалай үйлестіруіміз керек? Жауап дайын. Жалпы педагогиканың тәрбие теориясының асыл өзегіне «операция жасау керек». Оның асыл өзегіндегі беріш пен безді (таптық идиология мен жауынгер атеизм, көпірме адамгершілік) сылып алып тастап, орнына кісілік, имандылық, ізгілік ілімдерін орналастыру керек. Осы негізде Иманпеддагогика салтанат құрады. Осы жерде «көпірме адамгершілік атты коммунистік тәрбие безінің» табиғатына қысқаша тоқталған жөн болар. Адамгершілік – адамның рухани арқауы. Ал адам пейілінің кіршіксіз таза болуы – адамгершіліктің асқар шыңы. Адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиет-терінің арқасында ардақты Осы екеуінен ажыраған адамгершілік туралы ілімдер көпірме адамгершілік аталады. Ғасырлар бойына небір ойшылдар адамшылық жайында ұлы сөздер айтып, соны негізге алған небір жарқын ілімдер ойлап тапты. Бірақ, олар сөз жүзінде ғана өрбіген адамгершіліктің небір асқақ көріністерін жасағанмен іс жүзінде, карапайым өмірде ол ілімдерге сұраныс болмайды.

қарапайым өмірде ол ілімдерге сұраныс болмай, тірлік қисыны өз дегенін істеп, пендешіліктің тасы жоғары өрлеумен болды. Оның басты себебі, күйкі тірлікте тұрмыс қамын, бас қызығын ойлап, одан әріге көп бойлай қоймайтын көпшілік үшін «адал бол, ар-ұятыңды сақта, адамгершілік парыздарыңды ұмытпа» деген құрғақ уағыз «бір құлақтан кіріп, екінші құлақтан шығып кететін», тіпті кекесін тудыратын жалтыр сөздер ғана болып қабылданады. Мұндай әсем де асқақ сөздерге елігіп, өздерін осы адамгершілік тағлымға лайық ұстамақ болған жандар болса өмірде қосымша қиындықтарға душар болып, өздерінің лайықты істеріне қайтарым көрмей, әділдіктен түңіліп сағы сынумен болады. Олай болса, адамгершілікті құрғақ насихаттайтын мұндай ілімдер, шын мәнінде, адамдарды ізгілікке тәрбиелейтін ілімдерден көрі оларды әділдіктен түңілдіріп, адамгершіліктен жеріндіретін ілімдер болып табылады. Мысалы, «Коммунизм құрылысшыларының моралдық кодексі» есіңізде шығар. Ол совет адамын жан сарайын айқындайтын алтын ережесі еді ғой! Комунистер оны қайдан алып еді? Жалпы адамзаттық рухани құндылықтардан екшеп, теріп алған-ды. Негізгі мақсатты: аршыған жұмыртқадай, бір тілді, бір ділді совет адамын қалыптастыру болды. Оны интернационализм рухында жүзеге асыруға талпынды. Ұлы орыс халқы аға, ұсақ, бұратана ұлттар іні аталып туысып кеттік. Оның соңы тілімізден, дінімізден, ділімізден, ел жерімізден айрылған құлақкесті құл болып, мәңгүртенген тобыр болып шыға келдік. Көпірме адамгершілік бүгіндері біздің қоғамда әлі де ғұмыр кешуде. Ал, жалпы педагогиканың бір саласы болушы тәрбие теориясын иманипед-агогикамен үйлестірудің жолы біздің тәрбиелеу қазақ ілімімізде ежелден бар. Біздің халқымыздың сенімдері, ырым-тыйымдары әуелі «Тәңірге» табынушылықпен танылғаны баршаға мәлім. Ислам діні содан кейін келсе дағы, халық танымымен нанымындағы «тәңірдің» күдіретін біржолата ысырып тастай алған жоқ. Әлі күнге дейін өзінше үндесіп даму үстінде келеді. Жалпы, «Тәңірлік» таным-наным сенім-нің күдіреті «Табиғат» болғандықтан, тіршіліктегі көп жағдайлардың қадір-қасиеттері табиғат заңдылықтарымен шиеленісе байланысып жатады. Сондықтан Ислам дінінің «Тәңірлік» таным-наным сенімдерімен үндесетін жерлері көп. Бұл көріністер халқымыздың аса ерте, көне аңыздары мен ертегілерінде анық, айқын байқалады. Осыдан келіп адамдар өздерінің тәлімдерімен, тәрбиелері жайында баяғыдан бері бар нәрселерді түлете дамытып, ежелгі адамшылдықтың негіз деріне сүйенгендері жөн дейміз. Ал, тәрбие теориясындағы гуманистік бағыт, осы тәрізді өз үйлесімдігін табуы әбден мүмкін. Сондай-ақ, сопылық педагогика бір кезде ешкімнің қыспағынсыз ауыл молдалары арқылы ұлттық тәрбие үрдісіне сіңісіп кеткені тарихтан белгілі. Қазақ тарихында топқа кіріп сөз бастаған билер мен шешендердің, атқа мініп қол бастаған батырлардың, ұлтын ұйытып ел бастаған көсемдердің, ақыл-парасатымен даналығы арқылы әлемге танылған ғұлама-лардың барлығы дерлік-қазақ дәстүріндегі ұлттық тәрбиенің жемісі. Қаныш атаның сөзімен айтқанда «оқымаған академик әжелер мен аталардың» алдын көріп, үлгі өнегесін алып, біліміне қанығып, Ана және Дана мектептерін бітірген, Дала консерваториясын тамамдаған өнер иелері, Жыраулық және Ақынды академиясының түлектері; философ-жырау, әнші-ақын, сері-сал, т.б. қазақтың ақылман ойшылдары, әулие абыздары, көріпкел білгіштері, бақсы-бәлгері, адамтанушы сыншылары, шипагер-тәуіптері, тарихшы-шежіреші-лері, дін күтіп, жалпақ жұртқа иман таратқан пірлері бәрі-бәрі-Қазақ Педагогикасынан нәр алған, оның ұлт өкілін қалыптастыру қазанында қайнап пісіп, өңделген, шыңдалған-КІСІЛЕР. Олардың тәрбиелік үлгі өнегелері, білімдері тым терең, шексіз аумақты, өте асыл қазына. Осы қазынаны зерттейтін педагогика ғылымының бір саласын-
ИМАНИПЕДАГОГИКА деп отырмыз.

